



Құрметті Серік Мәуленұлы!


Сізді және академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымын білім ордаларыңыздың 80-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Оқу ошағының елімізде жоғары білімді мамандар даярлауда алар орны ерекше. Қара шаңырақтың қабырғасынан бірқатар белгілі тұлғалар түлеп ұшты. Еліміздің қай саласы болмасын, олардың өсіп-өркендеуіне осы университет түлектерінің қосқан үлестері зор. Бүгінде білікті ұстаздар мен ғалымдар шоғырланған бұл білім ордасында атқарылып жатқан істердің ауқымы аз емес.

Университет ұжымына алдағы кезде жүктелетін міндеттердің салмағы да зор. Себебі, еліміз «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын белгіледі. Сондықтан студенттерге білім беру сапасын барынша арттырып, ғылым мен өндірістің байланысын одан әрі нығайта отырып, қатаң бәсекелестік жағдайында жаңа белестерді бағындыруларыңызға тілектеспін.

Бүгінгі мерекеде Сізге, басқарып отырған ұжымыңызға және жанұяларыңызға зор денсаулық, бақыт, береке және табыс тілеймін.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
агенттігі СҚО бойынша департаментінің
басшысы



Ғ. Тұрсынбаев